

Өзге өңірлерде жоқ мешіт Өскеменде бой көтерді

23 тамыз 2012 | 19:08 | Қоғам | Қаралған: 2430 | Пікірлер: 0



Ең әуелі он екі мың ғаламның жаратушысы Алла Тағаланың қалауымен, одан кейін жергілікті биліктің қолдауымен һәм аймақтағы тәмам жұрттың күш-жігерімен көрікті де көркем, еңселі де ерекше мешіт үйі ашылды кеше. Облысымыздың орталығы Өскемен қаласында, Ертістің сол жағалауында кереге керген бұл ғажап ғимараттың ашылу салтанатына облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ ПЕН бірге еліміздің мемлекеттік хатшысы Мұхтар ҚҰЛ-МҰХАММЕД, Дін істері жөніндегі агенттіктің төрағасы Қайрат Лама Шариф бастаған зиялы қауым өкілдері, сондай-ақ Біріккен Араб Әмірліктерінің Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Ибраһим Хасан Сейф арнайы келіп қатысты.



Тарихта қалар шапағатты шараны тамашалауға еліміздің басқа облыстарынан ат шалдықтырып жеткен құрметті меймандармен қатар жергілікті жамағат та молынан келді. Мешіт алдына жиналған қарақұрым халыққа айтыскер ақындар Балғынбек Имашев, Айнұр Тұрсынбаева, Жандарбек Бұлғақов татымды жырларын арнап, тартымды ойларын ұсынды. Бір-бірін жеңіл өзілмен қағытқан ақындар сөз арасында ата дініміздің амандығы мен ел бірлігін, ұлт тұтастығын, халықтар достастығын жырға қосты. Тіпті, жақында ғана ағылшын жерінде болып өткен XXX

жазғы Олимпиада ойындарында Алаш баласының абыройын асырған спортшыларымыздың жеңістерін де мақтанышпен тілге тиек етті. Бұдан соң мерекелік шараның ресми бөлімі де басталды. Алдымен сөз тізгінін осы мешіттің салынуына тікелей ықпал еткен, үлкен құрылыстың межелі мерзімде аяқталуына жұртты жұмылдырып, жан-жақты қолдау көрсеткен облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВ алды. Құттықтау сөзінде аймақ басшысы:

– Бүгін – біздің облыс үшін тарихи маңызы бар қуанышты күн. Көптен күткен арнамыз орындалып, исламның ұясы, достық пен бірліктің, ынтымақ пен татулықтың ордасы – мешіт ашылып жатыр. Осының бәрі егемендігіміздің арқасы, Мемлекет басшысы Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ дұрыс жүргізіп отырған ішкі, сыртқы саясатының нәтижесі. Мешіт құрылысының қалай жүргізілгенін, оған облыс жұртшылығы қалай атсалысқандарын білесіздер. Кішкентай баладан бастап еңкейген ақсақал мен апаларға дейін осы жерде тынбай жұмыс істеді. Құрметті ағайындар, жерлестер, осы мешітке сіңірген еңбектеріңіз үшін мың да бір рақмет. Әсіресе, құрылысшыларға, кәсіпкерлерге, мекеме басшыларына алғысым шексіз.

Естеріңізге сала кетейік, мешіттің салынуына 1 миллиард теңгеден астам қаржы жұмсалса, соның 300 миллионға жуығын Біріккен Араб Әмірліктері көмек ретінде бөлген-ді. Оған қоса жергілікті кәсіпкерлер мен қалталы азаматтар да шама-шарқына қарай қаржылай демеушілік көрсетті. Ал бірқатар құрылыс компаниялары мен мекемелер, жекелеген ұйымдар және қарапайым тұрғындардан құралған еріктілер ортақ істің аяқталуына барынша атсалысты. Облыстың аудандары мен қалаларынан әдейілеп келген жұмыс күштері мешіттің бір кірпішін болса да қаласып, сауапты істен

құр қалмауға тырысты. Нетижесінде көрген адамның көзі тоятын, жүрегінде иманы бар жандар еріксіз сеждеге бас қоятын үш мың адамдық тамаша мешіт салынып бітті. Мешітте қатымхана, намазхана, құран оқитын және басқа да діни қызмет түрлерін көрсететін бөлмелер бар. Бәрі де бүгінгі заманның талғам-талабына сай, шариғаттың заңдылықтарын қатаң сақтай отырып салынған. Алыс-жақыннан келген құрметті қонақтар да жаңадан ашылып жатқан нысанның кереметігіне тәнті. Мұны біз Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, жерлесіміз Мұхтар Құл-Мұхаммедтің сөзінен анық аңғардық.

– Тек қазаққа ғана емес, бүкіл түркі халықтарына алтын бесік болған қасиетті мекен Алтайда еліміздегі ең үлкен мешіттердің бірі ашылып отыр. Осы құтханаларыңыз құтты, қайырлы болсын. Біз тәуелсіздік алғанға дейін бүкіл елімізде алпысқа жуық қана мешіт болса, тәуелсіздік алғаннан кейін Елбасымыз әрбір азаматқа өзінің мүбәрак дінін ұстануына жағдай жасады. Соның арқасында елімізде бүгінге дейін 2500 мыңға жуық мешіт ашылды. Мінеки, Қазақстан Елбасының салиқалы саясатының арқасында тұрақтылық пен бейбітшілік мекеніне айналды. Сондықтан барлығыңызды бүгінгі болып жатқан қасиетті шарамен шын жүректен құттықтаймын. Мен де Шығыстың азаматы ретінде осы өзімнің туған өлкеме қазақи рух берген, облыс орталығына Абай атамыздың ескерткішін орнатқан, енді, міне, үлкен мешіт салғызған облыс Әкімі Бердібек САПАРБАЕВҚА зор алғысымды айтамын. Еліміз руханиятын дамытып жатқан бүгінгі сәтте бұл мешіт бүкіл елді береке-бірлікке шақыратын имандылық үйі, тамаша құтхана болсын деп тілеймін, – деп ағынан жарылды Мұхтар Құл-Мұхаммед.

Сонымен қатар бұқара жұрттың алдына шығып, өзінің құттықтау сөздерін еліміздегі Біріккен Араб Әмірліктерінің Тетенше және екілетті елшісі Ибраһим Хасан Сейф, ақын, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ұлықбек Есдәулет, Өскемен қалалық ақсақалдар кеңесінің төрағасы Асылбек Себеков сынды жұртқа сыйлы азаматтар жолдады.

Шараның ресми белімі аяқталған соң дүйім ел «бісіміллә» деп есігін айқара ашып отырған мешітке бас сұқты, белмелерін аралап керді. Екінші қабаттағы медициналық құралдармен жабдықталған сүндет белмесінде Мұхамедия мен Азиз есімді кішкентай екі ұлды сүндетке отырғызу рәсімі еткізіліп, балаларға ойыншықтар сыйға тартылды. Сол сияқты қазақы дестүрге, шариғи заңдылықтарға орай жаңадан отау құрған жас жұбайлар – Азамат Қырықбаев пен Әсел Басшыбектің ақ некесін кепшіліктің алдында осы мешіттің бас имамы Нұрлан қажы Байжігітұлы қиды. Некелі болған ерлі-зайыптыларға арнайы сыйлық табыс етілді.

Осының бәрін өткергеннен кейін намазхан жамағатпен бірге мұсылман баласына сүннет саналған «сәлем» намазы оқылып, қатымханада ас беріліп, құран бағышталды.

Ұлықбек ЕСДӘУЛЕТ, ақын. Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты:

– Ұлы Ертістің бойында, Күлтөегін мен Тоныкөк дүниеге келген қасиетті Алтай өңірінде сәулетті мешіт бой кетерді. Бұл мешіт өз қолдарыңызбен тұрғызылып, өз жүректеріңізде жасалған жобамен салынып, пайдалануға берілді. Оның ашылуына еліміздің әр түкпірінен белгілі тұлғалар, қоғам қайраткерлері мен ақын-жазушыларымыз келіп қатысуда. Осы ғұмаратты тұрғызуға барлықтарыңыз атсалысып, қаржылай да, жұмыс күшімен де көмек керсеткен екенсіздер. Мұның өзі еліміздің береке-бірлігін, ынтымағын айғақтайды. Жаңадан ашылған мешітіміз имандылықтың едет-тұрпымыз бен ар-ұятымыздың бесігі болсын.

Дулат ИСАБЕКОВ, жазушы, драматург. Мемлекеттік сыйлықтың иегері:

– Бүгін, міне, Шығыста анау Иерусалимдегі «Аль-Ақсаға» ұқсайтын, мынау өзіміздің Астанамыздағы «Әзірет Сұлтан» мешітіне ұқсайтын сәулетті де керікті мешіт бой кетеріп отыр. Әрине, елімізде басқа мешіттер де салынып жатыр, алайда бұл ғұмараттың олардан орны бөлек. Мұның бері теуелсіздігіміздің арқасы, әйтпесе, баяғы заман болса мұндай құрылысты саламыз деген ой үш ұйықтасақ түсімізге де кірмес еді ғой. Енді, міне, егемендіктің арқасында осының бері кез алдымызда болып жатыр. «Біткен істің басына, жақсы келер қасына» демекші, бүгін осы салтанатты шараны өздеріңізбен қатар белісуге еліміздің игі жақсылары, зиялылары келіп отыр. Бұл күн мемлекетіміздің тарихында қалатын маңызды күн болмақ. Елімізде мешіт кебейе берсін, мешіт кебейсе, бесік те кебеймек.

Ибраһим Хасан СЕЙФ, Қазақстандағы Біріккен Араб Әмірліктерінің Төтенше және өкілетті елшісі:

– Бұл күні біз жоғары мертебелі Қазақстан Президенті Нұрсұлтан НАЗАРБАЕВТЫҢ сіздердің мемлекеттегі экономикалық және саяси бағытта қол жеткізген толағай жетістіктеріне ғана емес сонымен бірге рухани, мәдени салаларда да дұрыс саяси бағыт ұстанып отырғандығының күәсіміз. Әлем діндерінің басын қосқан ауқымды жиындарды ұйымдастыруға тікелей басшылық етуін былай қойғанда осынау Өскеменде ашылған мешіттің езі Нұрсұлтан Әбішұлының исламға деген, жалпы, дінге деген ұстанымының дұрыстығын көрсетеді. Мен Араб елінің атынан Қазақстанның Президентіне, Үкіметіне, жергілікті басшылары мен халқына алғысымды білдіріп, тағы бір іргелі мешіт үйінің ашылуымен құттықтаймын.